Әділет

## "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 194-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық (келісу бойынша):

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген Конституциялық заңды іске асыру жөніндегі жиынтық ақпаратты талдасын, қорытындыласын және есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырсын.

*Премьер-Министр* *Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 7 желтоқсандағы
№ 194-ө өкімімен
бекітілген

## "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

| Р/с № | Құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | Орындауға жауапты мемлекеттік орган | Орындаумерзімі | Құқықтық актілердің сапалы, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құру туралы" | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 992 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров |
| 2. | "Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құралатын топтардың алдын ала болу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 266 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров |
| 3. | "Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 301 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров |
| 4. | Шағымдарды қарау қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бұйрығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров |
| | Қазақстан Республикасындағы Адам | Қазақстан Республикасынд | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы | ағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бұйрығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров | |
| 6. | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы сараптама кеңесі туралы ережені бекіту туралы | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бұйрығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров | |
| 7. | Ұлттық превентивтік тетікке қатысушыларды іріктеу қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бұйрығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров | |
| 8. | Алдын ала бару үшін ұлттық превентивтік тетікке қатысушылардан топтар қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бұйрығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров | |
| 9. | Алдын ала бару жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бұйрығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров | |
| 10. | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің рәмізі мен туының ережесі мен сипаттамасын бекіту туралы | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бұйрығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров | |
| | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары | Қазақстан Республикасындағы Адам | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11. | жөніндегі уәкілдің баяндамаларын дайындау және тарату тәртібін бекіту туралы | құқықтары жөніндегі уәкілдің бұйрығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров |
| 12. | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өкілдерінің функционалдық міндеттерін бекіту туралы | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бұйрығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров |
| 13. | Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталық пен оның өкілдіктерінің құрылымын бекіту туралы | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бұйрығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров |
| 14. | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кейбір өкімдерінің күші жойылды деп тану туралы | Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің бұйрығы | АҚҰО (келісу бойынша) | 2023 жылғы қаңтар | Ә.С. Омаров |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы**:

АҚҰО – Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК